

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## References

1. L. Kehoe & J. Hallahan, Blockchain – A game changer in aircraft leasing, Airfinance annual 2017/ 2018, p. 84. Accessed at: <https://www2.deloitte.com/content/dam/Deloitte/ie/Documents/Tax/ie-blockchain-a-game-changer-in-aircraft-leasing.pdf>
2. Swiss Financial Market Supervisory Authority (FINMA) ICO Guidelines: <https://www.finma.ch/en/~media/finma/dokumente/dokumentencenter/myfinma/1bewilligung/fintech/wegleitung-ico.pdf?la=en>
3. <https://www.bbntimes.com/en/technology/blockchain-in-the-aviation-industry>
4. L. Kehoe & J. Hallahan, Blockchain – A game changer in aircraft leasing, Airfinance annual 2017/ 2018 (n 1), p. 85.
5. <https://www.bcg.com/publications/2019/what-could-blockchain-do-airlines.aspx>
6. Blockchain Oracles explained: <https://blockchainhub.net/blockchain-oracles>
7. ATA Passenger Market Analysis: <https://www.iata.org/pressroom/pr/Pages/2018-05-03-01.aspx>
8. IATA Operational Safety Audit (IOSA): <https://www.iata.org/whatwedo/safety/audit/iosa/Pages/index.aspx>

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АҒЫНДАРЫН ТАЛДАУ

**Шамбыл Қажыкелді Әділханұлы**

[koden2000@mail.ru](mailto:koden2000@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Экономика факультетінің 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Байжолова Р.А.

Қазақстан Республикасы – 20 ғасырдың соңында қайтарылған тәуелсіздіктің даму кезеңінде небары 30 жылдық периодта экономикалық дамуы интенсивті жүргізілген жас мемлекет. Дегенмен, тарих сахнасында жас мемлекет ретінде қарастырылса да экономикалық өсімі мен мемлекеттік құрылыстың озық үлгілерін көрсетті. Жаһандық саяси аренада ұлттық тұғырын берік негізде бекіткен әрі қоғамдық келісімі мығым мемлекет ретінде әлемге өзін таныта алды. Экономикалық даму мен жоғарыда аталған саяси-экономикалық жетістіктерге қол жеткізу мақсатында еліміз үшін маңызды мәселелердің бірі – тікелей шетел инвестициялар тарту мен дербес инвестициялық менеджментті жүргізу болды. Инвестициялар, ең алдымен, ұлттық экономиканың маманданған салалары: тау-кен ісі мен металлургия, мұнай-газ бен химия өндірісіне стратегиялық нысанда бағытталғаны, баршаға мәлім. Қазіргі күнге дейін еліміздің жер асты пайдалы қазбаларының мол қорына иеленуі себебінен экономикамыз толыққанды болмаса да, аталған салаларға үлкен деңгейде тәуелді. Осы орайда, еліміздің ұлттық экономикалық даму үрдісіндегі басты элементі – инвестициялық жобалардың тиімділігін, инвестициялық ағындардың өзара байланысы мен макроэкономикалық индикаторларға әсерін бағалау – бүгінгі күннің маңызды сауалдарының бірі болып табылады. Ғылыми зерттеу жұмысы аталған мәселе бойынша аналитикалық пайымдаулар мен предиктивті ұсыныстарды атап көрсетеді. Ескерілетін мәселе, экономикалық маңыздылығы бар статистикалық көрсеткіштерді салыстыру барысында инфляция, валюта бағамы секілді факторлардың вариативтілігінің модель құруда ауытқулар көрсетуіне және де ұлттық экономикалық құрылымынан абстракциялауға байланысты маңызды көрсеткіштер 2018-2022 ж. және 2010-2022 жылдары аралығын қамтып алынатын болады. Талдау жүргізу үшін,

алдымен, инвестициялар ағыны бойынша Қазақстанда бүгінгі күні қалыптасқан статус-кво жағдайды қарастыруымыз қажет. Кейінгі аналитикалық талдау негізгі көрсеткіштердің динамикасына сүйенеді.

Кесте №1. Қазақстанның инвестициялық ағындарының 2018-2022 жылдары аралығындағы негізгі динамикалық көрсеткіштері, млн.АҚШ доллары.

№	Көрсеткіш атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	Өзгеріс, 2022/2018 ж.	
							+, -	%
1	ТШИ жалпы ағыны	24 271	24 437	17 166	23 838	22 065	-2 206	-9
2	ҚР инвесторларының шетелге жұмсаған ағыны	1 322	2 730	1 411	2 545	3 402	2 080	157
3	ТШИ таза ағыны	-1 095	-2 620	-2 167	1 451	-871	224	-20
4	ҚР кәсіпорындарының тікелей шетел инвесторларына төлеген табысы	19 100	20 112	13 126	22 026	19 150	50	0,3
5	ҚР инвестициялық сыртқы активтері	156 753	159 253	161 060	167 909	168 676	11 923	8
6	ҚР инвестициялық сыртқы міндеттемелері	220 563	225 288	233 192	244 893	243 356	22 793	10
7	Халықаралық инвестициялық позиция	-63 811	-66 034	-72 132	-76 984	-74 680	-10 870	17

*Ескерту – [1] дереккөздері негізінде құрастырылды*

Жоғарыда көрсетілген кестеде Қазақстан Республикасы бойынша инвестиция тарту бойынша сыртқы сектормен арадағы байланысты көрсететін негізгі 7 параметрдің динамикасы көрсетілген. Қазақстан бойынша 2018-2022 жылдары орын алған даму тенденциясы бойынша тікелей шетел инвестицияларының (Келесіде – ТШИ) жалпы ағыны -9% теріс динамика көрсетті. ТШИ-бойынша таза ағын 20%-кеміген, аталған екі көрсеткішті кешенді нысанда қарастыратын болсақ: мемлекеттің инвестиция тартуы кеміген, алайда тікелей шетел инвесторларының резидент ретінде алған инвестициялық-шаруашылық табыстары артқан. Бұл белгілі бір деңгейде Қазақстанды шетел инвесторлары даму перспективасы тұрғысынан нейтралді объект ретінде санайтынын білдіреді. Ұлттық экономика үшін жоғарыда көрсетілген тренд – теріс динамикалы болып табылады, себебі экономикалық даму қарқыны өсіп келе жатқан Өзбекстан мемлекеті – Орта Азия шеңберінде Қазақстанның сауда-нарық партнері ретінде бір бөлек, экономика бойынша бәсекелес екенін ұмытпауымыз қажет. Қазақстан резиденттерінің шетелдік нарыққа және шетелдік инвестициялық жобаларға құйған капиталы 3,4 млрд.АҚШ долларын құрап, 157% даму динамикасын көрсетті. 5-жылдық периодта мұндай үлкен өзгеріс инвесторлар үшін Қазақстанның макроэкономикалық жағдайы тұрақсыз және/немесе капитал салымдары бойынша макроэкономикалық дамудың белгісіздігі жағдайын сипаттайды. Бұл көрсеткіш жоғарыда келтірілген екі параметрдің туындысы. Орын алған статус-кво статуста Қазақстан тікелей шетел инвесторлары үшін тартымдылығы біршама төмендеген ел болып табылады. Бұл өз кезегінде COVID-19 пандемиясы мен Ресей-Украина шиеленісі жағдайында Қазақстанның экономикасы көрсеткен регрессивті трендтің статистикалық көрінісі ретінде қабылдауға болады. ҚР кәсіпорындарының тікелей шетел инвесторларына төлеген табысы 2022 жылы 19,15 млрд.АҚШ долларын құрады және 2018 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің номиналды саны тек 0,3%-ке артқан. Аталған параметр өзге көрсеткіштермен бір кешен ретінде қарастыратын болсақ, екі тенденцияны суреттейді:

- біріншісі, елімізде адрестік негізде белгілі бір ауқымды инвестициялық жобалар болғанымен, құрылымдық негізде 2022 жылға дейінгі аралықта тікелей шетел инвестициялары тарапынан күрделі және көлемді капитал салымдары болмаған

- екіншісі, ТШИ-мен бірлескен 2022 жылға дейінгі инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігінің бірқалыпты болуы – инвестициялық қайтарымдылықтың абсолютті-агрегатты нысанда төмен болуы. Егер де жобалардың тиімділігі жоғары болған жағдайда және инвестициялық бағалау кезінде сәсер етуші факторлардың жан-жақты қарастырылған кезде жобаның шаруашылық қызметі мен қаржылық нәтижелері девальвация мен қарқынды инфляция жағдайында артуы керек еді. Алайда, статистикалық параметрден керісінше құбылысты байқаймыз. Бұл өз тарапынан: а) инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау дұрыс жүргізілген жоқ, б) жобалардың тиімділігі уақыт өте келе үлкен дисперсияға ие болып, волатильді сипатта жүргізілгенін – көрсетеді.

ҚР инвестициялық сыртқы активтері және сыртқы міндеттемелері 2022 жылы сәйкесінше 168,8 және 243,4 млрд.АҚШ долларын құрады. 2018-2022 жылдары аралығында даму динамикасы екі параметр үшін сәйкесінше 8% және 10% көлемінде орын алды. Активтерге қарағанда міндеттемелердің едәуір өсуі Қазақстан жағдайында ұлттық экономикаға қарасты инвестициялық сектордағы меншікті капиталдың төмендегенін білдіреді. Сыртқы активтердің өсуі отандық экономикалық субъектілері тарапынан шетел нарығына құйған капитал салымдары нәтижесінде артуын білдірсе, сыртқы міндеттемелердің өсуі отандық кәсіпорындардың ақша қаражаты мен қарыздық деривативдер, облигациялар нысанында шетел инвесторларына төлеген табысына байланысты артып отыр. Екі көрсеткішті қамтитын интегралды параметр – халықаралық инвестициялық позиция бойынша ұлттық экономиканың инвестициялық айналым сальдосының теріс мәнде болуы: еліміздің инвестициялар сегменті бойынша мүлкіне қарағанда шетел секторына қарызы көп екенін бейнелейді. Ұзақмерзімде аталған тенденция еліміздің экономикалық дамуын тежеуші және дефолттық жағдайға әкелуші негативті фактор екенін қарастырумыз қажет. Мемлекеттің құрылымдық экономикалық реформалары сауда және төлем балансына, және де халықаралық инвестициялық позиция сальдосының нольдік және/немесе оң мәнде болуына бағытталу қажет.

№1 кестеден инвестиция ағындары бойынша өзара байланысты әрі өзге факторлардан туынды болып келетін екі параметр – тікелей шетел инвестициялары мен ҚР кәсіпорындарының тікелей шетел инвесторларына төлеген табысы – бойынша корреляциялық-регрессиялық талдау жасауымызға болады. Себебі аталған екі көрсеткіш еліміздегі инвестициялық ахуалдың мән-жайын түсіндіретін негізгі дескрипторлар болып табылады.

Кесте №2. Эконометрикалық талдауға қажетті бастапқы мәліметтер, млн. АҚШ.доллары.

№	Жыл	Тікелей шетел инвестициялары	ҚР кәсіпорындарының тікелей шетел инвесторларына төлеген табысы
1	2010	22 246	17 321
2	2011	26 467	25 009
3	2012	28 885	24 548
4	2013	24 098	22 251
5	2014	23 809	19 546
6	2015	15 368	8 621
7	2016	21 367	10 928
8	2017	20 960	15 361

9	2018	24 271	19 100
10	2019	24 437	20 112
11	2020	17 166	13 126
12	2021	23 838	22 026
13	2022	22 065	19 150
<i>Ескерту – [2] дереккөздері негізінде құрастырылды</i>			

Ендігі кезекте, 2010 және 2022 жылдары аралығындағы екі көрсеткішке талдау барысында анықталған эконометрикалық талдау нәтижелері:

Кесте №3. Қазақстанның тікелей шетел инвестициялары мен ҚР кәсіпорындарының тікелей шетел инвесторларына төлеген табысы бойынша 2010-2022 жылдары аралығындағы динамикасына корреляциялық-регрессиялық талдау.

№	Көрсеткіш атауы	Көрсеткіш мәні
1	Корреляция коэффициенті:	Пирсон коэффициенті -0,9 (тығыз статистикалық байланыс)
2	Детерминация коэффициенті:	0,81 (дисперсия таралымы 81% құрайды, тәуелсіз фактор тәуелді айнымалыны жлғары деңгейде түсіндіреді)
3	Регрессия теңдеуі:	$Y(\text{ТШИ}) = -10\,668 + 1,27 * X(\text{ҚР кәсіпорындарының тікелей шетел инвесторларына төлеген табысы});$ Теңдеудің бос/автономды мүшесі: -10 668 Тәуелді айнымалының регрессиялық коэффициенті: 1,27
4	Стьюдент және Фишер тесттері:	Фишер тесті: $47,62 > 2,58$ (F-статистикасы F-мәнінен жоғары, модель адекватті); Стьюдент тесті: $6,9 > 2,58$ (t-статистика P-мәнінен жоғары, модельдің мәні бар).
5	Экстраполяция деңгейі:	жоғары (функционалды байланысқа жақын)

Жоғарыда көрсетілген корреляциялық-регрессиялық және статистикалық талдау бойынша қорытынды тұжырым: ҚР экономикалық субъектілерінің шетел инвесторларына төлейтін табысы инвестиция объектілерінің табыстылығын көрсетеді. Сондықтан да, ортамерзімде шетел инвесторлары Қазақстанға инвестиция құюды тоқтатпайды, себебі коммерциялық табыс мөлшері белгілі бір деңгейде инвестициялық тартымдылықты білдіреді. Дегенмен, №1 кестеге сүйенетін болсақ, шетел инвесторлары үшін Қазақстанның макроэкономикалық жағдайына байланысты регрессивті көңіл-күйде, осы орайда ұзақмерзімде Қазақстанға ірі капитал салымдарының құйылу ықтималдылығы төмен болып табылады. Қазақстан үшін екі постфактум тенденция орын алды:

1. Макроэкономикалық тұрақсыздық болашақта инвесторлар үшін ұлттық экономиканың тартымдылығын төмендетті;

2. Қазақстанға капитал құйған инвесторлар жергілікті нарықтан шықпайды, себебі қазіргі күні жүзеге асырылған жобалар инвестициялық қайтарымдылық негізінде табыстылық көрсетіп отыр.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. [Электронды ресурс] – URL: <https://nationalbank.kz/ru> (дата обращения: 21.03.2023).
2. [Электронды ресурс] – URL: <https://stat.gov.kz/> (дата обращения: 22.03.2023).